

Оқу орталығы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 25 маусым N 301

Нарық жағдайында жұмыс істеуге қажетті жаңа технологияларды, менеджментті, маркетингті, экономиканы, қаржыны және бухгалтерлік есепті ескере отырып мұнай-газ саласында үздіксіз оқыту, кадрлар даярлау жүйесін дамытудың мемлекеттік маңыздылығы себепті;

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкі арасындағы Заем беру туралы келісімде /Мұнай саласындағы техникалық көмек жобасы/ және ТАСИС ЕКА-02/020 жобасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі бірінші орынбасарының 1996 жылғы 31 маусымдағы N 3-26 өкімінде көзделген Мұнай-газ өнеркәсібінің оқу орталығын құрудағы белгілі бір қалып қоюшылықты атап өте отырып;

Қазақстан Республикасының көрсетілген жобалар бойынша міндеттемелерін уақытымен практикалық жүзеге асыру және олар бойынша бөлінген қаражатты тиімді игеру мақсатында;

1. Осы жобалар бойынша пайдаланушы /бенефициар/ болып табылатын Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі:

а/ Мұнай-газ өнеркәсібі оқу орталығының жарғысын бекітсін;

б/ Мұнай-газ өнеркәсібінің оқу орталығын белгіленген тәртіппен заңды тұлға ретінде тіркесін, "Мұнайгаз" және "Қазақгаз" Мемлекеттік холдингтік компанияларына тең құрылтайшылар болу ұсынылсын және заңмен белгіленген тәртіпте "Мұнай-газ өнеркәсібінің оқу орталығы" мекемесінің жарғылық қорын құрсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитеті Мемлекетаралық келісімдерді ұйымдастыру және орындау кезеңінде /1998 жылға дейін/ Мұнай-газ өнеркәсібінің оқу орталығына "Казгипрогаз" ғимаратының 4-ші қабатын /пайдалы алаңы 493 шаршы метр/ бөлсін.

Премьер-Министрдің
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК